

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның 3-тоқсандағы
кезектен тыс өткізілген жиналысының
Х А Т Т А М А С Ы**

Шардара қ.

«13» тамыз 2025 ж

Жиналыс өткізілген орны: Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК.

Мекен-жайы: Түркістан облысы Шардара ауданы, Шардара қаласы, С.Әшіров көшесі, №52В, мәжіліс залы.

Жиналыс төрағасы: М.Сейтханов- аурухана басшысы

Хатшылықта: М.Сулейменов – комплаенс офицері

Жиналысқа қатысқандар:

Шардара аудандық орталық ауруханасы басшысының орынбасарлары мен бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлер, мейіргерлер.

Күн тәртібі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі (2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);
2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурызындағы №112 бұйрығы);

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе келесілер түсіндірілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі бойынша 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында көзделген кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған іс-қимыл шараларын қамтиды.

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- мүдделер қақтығыстарын болғызбау;
- іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындайды. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі өз өкілерттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің, атқарушы органының лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің құзіреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметтерін құруға құқылы екендігі жайлы түсіндірілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметтері

туралы үлгілік ереже» ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығына сай жүргізіледі.

Осы ереже негізінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер мен адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындалады.

Ережеге сәйкес, жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жүргізілген жұмыстары жайлы субъектілеріндегі ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізу міндеттелгені түсіндірілді.

Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдармен таныстырылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктерімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметі шеңберінде құзіреттілігі жайында толық таныстырылды. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылығы тарапынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу қажетті жайлы түсіндірілді. Құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну міндеттілігі туралы айтылды.

Жиынға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы



М.Сейтханов

Хатшы: М. Сулейменов